

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

Халықаралық қатынастар факультеті
Факультет международных отношений
Халықаралық құқық кафедрасы
Кафедра международного права

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетінің
20-жылдығы және халықаралық құқық кафедрасының 25-жылдығына арналған

«ЖОО-ДАҒЫ ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ:
ДӘСТҮРЛЕР МЕН ЖАҒАЛЫҚТАР» атты

халықаралық оқу-әдістемелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 4 желтоқсан 2015 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной учебно-методической конференции

«ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЧЕСТВА УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА В ВУЗЕ:
ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ»,

посвященной 20-летию факультета
международных отношений и 25-летию
кафедры международного права КазНУ им. аль-Фараби

Алматы, 4 декабря 2015 г.

MATERIALS

of international educational and methodical conference

«ENSURING THE QUALITY OF TEACHING IN HIGHER EDUCATION:
TRADITIONS AND INNOVATION»,

dedicated to the 20th anniversary of the Faculty
of International Relations and 25th anniversary of the Department
of the International Law of the al-Farabi Kazakh National University

Almaty, December 4, 2015

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

statements like "This is a table", "The table is black" and etc., because they are not natural to communication and so they have no communicative value.

Thus the teachers are faced with the problem of selection of speech material which has a "communicative and valuable content" (V. S. Korostelyov, 1988), and methods of presenting this material, which will correspond to the real situation of communication. Moreover, the selection of speech material and problem situations should be performed taking into account the principle of individual course of English language, i.e. taking into account particular age features of students, their specific interests, cognitive interests.

Therefore it is necessary to create motivation in teaching foreign languages which plays a huge role in the communicative-oriented learning of English individually. When learning a foreign language outside the language environment, the communicative approach should be created artificially because it is one of the problems at schools of foreign languages. To catch the interest of students to implement speech activity in a foreign language is a necessary condition of teaching foreign language. "The thematic organization of teaching foreign languages and the related interpretation of the situation as sets of the circumstances" is an obstacle to the realization of this condition. (V. S. Korostelyov, 1991, p. 18)

To solve this problem, methodologists suggest using at lessons of such situations which are based on the significant public values (social, moral, ethical). Such subjects as a friendship role, the relation to theatre, music and etc. can be discussed and keep thus naturalness of a situation anywhere: and with the friends, both on the street, and at a lesson. Topics such as the role of friendship, the attitude towards the theatre, music, etc. can be discussed and can be natural for you.

In conclusion I would like to note that the problems and issues arising at the introduction of the communicative approach into practice, in no way diminishes its advantages in teaching foreign languages. As demonstrated by numerous researches the communicative method is the most appropriate means of teaching foreign language culture, because it develops a "sense of language" and in line with the objectives of teaching foreign languages in modern society it uses language in order to communicate.

References:

1. Bim I.A. Theory and practice of teaching German in secondary schools -M.: Education, 1988, p. 210
2. Korostelyev V. S. Communication and pseudo communities // Foreign languages at school. – 1991. – No. 5, pp. 17-22
3. Korostelyev, V. S., Passov E. I., Kuzovlev V. P. The Principles of creation of system of communication in teaching foreign language culture. // Foreign languages at school. – 1988. – No. 2, pp. 40-46
4. V. G. Kostomarov, O. D. Mitrofanova. Methodological guide for teaching of Russian language to foreigners. 3rd edition. M. 1984, 165 p.
5. Leontyev A. A. the Principle of communicativeness today. // Foreign languages at school. – 1986. – No. 2, pp. 22-24
6. Milrud R. P., Maksimova I. R. Modern conceptual principles of communicative foreign language teaching. // Foreign languages at school. – 2000. No. 4-5, pp. 35-38
7. Passov E. I. Communicative method of teaching foreign language speaking. – M.: Education, 1991, p. 245

Джамалдинова М.Т.,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
дипломатиялық аударма кафедрасының
аға оқытушысы

ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯ ТҮРЛЕРІ: ЖОБА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бүгінгі таңда еліміздегі білім берудің мазмұны жаңартылып, оқытудың жаңа тәсілдері мен технологиясы енгізіліп, осыған орай білім беру сапасын көтеру қажеттігі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қоғамдағы өзгерістер, жаңа бағыттар, қоғамның ашықтығы, оның жедел түрде дамуы мен ақпараттануы білім беру талаптарын күрт өзгертті.

Инновациялық технологиялар білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі жолы болып саналады. Олар білім берудің тиімділігі мен өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Өйткені қазіргі даму дәуірінде студенттерді жаңа заман талабына сай азамат ретінде дайындау негізгі мақсат болып саналады. Дәріс алушылармен жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың бірден-бір кең таралған түрі-жобалық әдіс болып табылады. Қазіргі кезде жобалық әдіс көптеген елдермен қатар біздің елдің де білім беру жүйесінде кеңінен таралып отыр.

Жобалау әдісінің мәніне терең бойлау үшін, аталған әдіс – жобаның негізін құраушы компоненттері жөніндегі ұғымның болуы аса қажет.

В.А.Афанасьевтің жоба жөніндегі пікірі мынандай: «Жобалау педагогикалық тәжірибеден субъектілердің шығармашылық қызметінің ерекше түрі болып табылады. Сонымен қатар ол «педагогикалық практика теориясымен», болжаумен, ұйымдастырумен, модельдеумен, басқарумен тығыз байланысты. Тек қана қызметтердің осы түрлерінің мүмкіншіліктеріне сүйене отырып, толыққанды нәтижеге меті бар жобаны іске асыруға және нақты құруға болады» [1, 149 б].

И.Я.Зимняя және Т.Е.Сахарова жобаны төмендегідей етіп сипаттайды: «Жоба-бұл дәріс алушылардың өз бетінше жоспарлайтын және іске асыратын жұмыстары. Бұл жұмыста тілдік қарым қатынас басқа іс-әрекеттің интеллектуалды жағымен байланысын айтады» [2, 15 б].

Ал ғалым Т.В.Душейная жоба ұғымы жайлы өз анықтамасын ұсынады:

«Жоба – оған қатысушылардың өздері үшін шығармашылықпен ойластырылған түрде өздеріне ғана тән ойларын білдіре алу мүмкіндігі: оған коллаждар, жарнамалар мен хабарландырулар әзірлеу, сұхбаттар мен зерттеулер жүргізу, модельдерді қажетті түсініктемелермен көрсету, түрлі орындарды аралаудың иллюстрациялармен, карталармен және т.б. жоспарын жасау» [3, 41 б].

Сонымен, жобалау әдістері бір жағынан алғанда, дәріс алушылар үшін маңызды зор шынайы практикалық нәтижеге нақты бағытталған зерттеу, проблемалы әдістердің, кең көлемде қолданылуын алғаш тартар болса, екінші жағынан оның шешімдері мен нәтижелерін іске асыру талаптары мен түрлі факторларын есепке ала отырып, проблеманы тұтастай әдістеуді ұсынады.

Оқыту психологиясы дәлелдегендей, біз оқығандарымыздың 10 пайызын есте сақтаймыз, тыңдағандарымыздың 20 пайызын, тыңдаған және көргеніміздің 50 пайызын, айтқанымыздың 70 пайызын және өзіміз шығарып, әрі орындап отырғанымыздың 90 пайызын ойымызда қалдырамыз.

Сөйтіп, педагогтар жобалау әдісіне көбірек көңіл бөледі, себебі ол дәріс алушылардың білімдерін белгілі бір мәселелерді шешуде түрлі ғылым салаларымен біріктіреді, алған білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді, бұл жерде олар жаңа идеяларын басшылыққа алып отыратынын да айтшып өту керек.

Ал енді жобалық оқытуды ұйымдастырудың ең маңызды мәселесі-жоба типологиясына тоқталайық. Төменде Е.С.Полаттың әзірлеген жобалардың жалпы дидактикалық типологиясы берілген.

Ең алдымен, типологиялық белгілерді анықтап алу керек:

жобадағы басым әдістер немесе қызмет түрлеріне қарай жобалардың төмендегі типтері ерекшеленеді: зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік-ойындар, ақпараттық, практикалық-бағыттағы және т.б. жобалар;

пәндік-мазмұндық салаға қатысты: моножоба (білімнің бір саласы шеңберінде) және пәнаралық жоба;

қатынас сипаты (бір оқу орнының, бір топтың, бір елдің, әлемнің түрлі елдерінің дәріс алушылары арасында): ішкі, аймақтық және халықаралық жобалар;

жоба координациясының сипатына сай: ашық дәл координациясымен (тікелей) және жасырын координациясымен (дәл емес) жобалар;

жоба қатысушыларының санына қарай: тұлғалық, жұптық, топтық;

жобаның ұзақтығына байланысты: қысқа мерзімді, орташа ұзақтықтағы, ұзақ мерзімді жобалар болады.

Жобадағы әдістің басым белгілеріне сай жобалардың түрлеріне тоқталсақ:

Зерттеу жобалары – аз көлемдегі зерттеу логикасына бағытталған және түбегейлі ғылыми зерттеуге жақындаған құрылымға ие (оның пәні мен объектісінің зерттеу мәселелерін анықтау, тақырыптың өзектілігінің мәліметтері, зерттеу міндеттерінің белгіленуі және т.б.). Барлық айтылған мәселелер дәріс алушылардың тілдік дайындығымен сәйкестікте болуы шарт.

Шығармашылық жобалар – олар, әдеттегідей, олардың берілу формасы және жоспарланған қорытындысы жөнінде келісуге тиіс болатын дәріс алушылардың бірлескен қызметтерінің нақты әдістелген құрышымына ие емес (коллаж, -газет, шығармалар, видеофильм, драмалау және т.б.).

Рөлдік-ойын жобалары: дәріс алушылар шешіліп жатқан мәселелердің ерекшеліктерімен, жоба мазмұны және сипатымен көрінетін белгілі бір рөлдерге енеді. Бұлар дәріс алушылардың ойларынан шыққан ситуацияларға шиеленіскен, әлеуметтік немесе іскери қатынастарды бейнелейтін әдеби кейіпкерлер немесе ойдан шыққан кейіпкерлер болуы мүмкін.

Ақпараттық жобалар – жобалардың бұл типі белгілі бір объект, құбылыстар туралы ақпарат жинауға бағытталған, жоба қатысушыларын осы ақпаратпен, оның анализімен таныстыру және деректерді ортақтастыру (жиынтықтау). Оның құрылымы төмендегідей белгіленеді: жобаның мақсаты, ақпараттық ізденістер пәні, ақпарат көздері (БАҚ құралдары, интервью, мәліметтер базасы); ақпаратты өңдеу әдістері (анализ, жиынтықтау және т.б.); ақпараттық ізденістер нәтижесі (мақала, реферат, аннотация, баяндама және т.б.); тұсаукесер (басылымдар, конференцияларды талқылау және т.б.) [4, 3-9 б].

Жобалық оқытуды ұйымдастыру және өткізудің толық сипатын беру үшін, жоба жұмыстарының белгілі кезеңдеріне көңіл аударған міндетті. Осы үшін Н.Г.Чанилова ұсынған жобамен жұмыс жүргізудің алгоритмін толық қарастыру керек.

I.Жобалық тапсырмаларды жасау кезеңі жоғары әдістемелік дайындықты талап етеді және оқу уақыты шеңберінен тыс өтеді. Кезеңнің міндеттері төмендегідей талаптарға жауап бере алатын, жобалау жұмыстарының тәрбиелік мақсаттарын беретін оқу, дамытушылық міндеттерін, оның мазмұнын анықтау: міндетті минимумдардың негізгі жағдайларын есепке алу, мағыналық айқындылық, басқа да жобалармен түйінділік.

II.Жобаны әдістеудің кезеңдері:

Жоба мақсаттарын, проблемаларын, идеяларын қалыптастыру;

Кіріспе ақпараттар;

Бар ақпараттарды талқылау;

Жеткіліксіз ақпараттарды өз бетінше іздестіруге және оны меңгеруге күш салуды көрсетуді қамтамасыз ету;

Жұмыстық жобалаулар (құрылымдарды ойластыру, жобаларды көркемдеу);

Аралық рефлексия (синтез фазаларының әрбір актісі бағаланады, коррективалар енгізіледі).

Жобаның іске асырылу кезеңі қатысушылардың жобалауы нәтижесінен алынғаны сияқты сипаттық шешімдер немесе таңбалы материализациясы бойынша қызметтерін біріктіреді.

Жобалаудың қоғамдық презентациялануы кезеңін белгілі бір формалануы (коллаж, видеофильмдер және т.б.)

Рефлексия кезеңдері: екі деңгейі бар – оқытушылық және оқушылық (жасалған жұмыстарды сипаттау, нәтижелердің өзін-өзі бағалау, жобалау жұмыстарына тұлғалық қатынастардың талқылануы, оның жақсарған жолдарын іздестіру). Қатысушылардың жобалық әдістерін қолданудың жұмыстарының ұйымдастыруда төмендегідей мәселелерді ескеру қажет:

жұмыс үрдісі оның нәтижесіне қарағанда маңыздырақ. Оқу үрдісі оқытылған пәндердің логикасына құрылмай, қызмет логикасына құрылады. Жобаны дербес қарқынмен орындауға жол беру қатысушылардың тұлғалық дамуы үшін мүмкіндіктер туғызады. Жобалық оқытудағы қызметтердің кешенді сипаты қатысушының негізгі физиологиялық және психологиялық қызметтерін бірегейлі дамытуға жағдай жасайды.

Психология тұрғысынан қарастырғанда жобаның орындалу үрдісі-бұл бірізді туындайтын қажеттіліктер мен оларды қанағаттандырудың сәйкес әдістерін іздеудің қатары, жобалау кезеңдерімен синхрондалады [5, 62 б].

Әрбір жаңа қажеттілік дәріс алушының жеткілікті жоғары деңгейдегі жалпы уәжді оқыту бейнесін сақтай отырып қызығушылығын арттырады. Нәтижесінде дәріс алушылардың оқу белсенділігінің жоғарылығы бақыланады.

Шет тілдері курсына жобалау әдістері кез-келген тақырыптар бойынша барлық бағдарламалық материалдар шеңберінде пайдаланыла алады, өйткені тақырыптық іріктеулер дәріс алушылар үшін практикалық маңыздылығын есепке ала отырып өтеді (адам және оның айналасы). Ең бастысы-бағдарлама тақырыбында жүргізілген жұмыстар үрдісінде дәріс алушылар еңбек ететін проблемаларды қалыптастыру [4, 3-9 б].

Жобалау жұмыстары үрдісінде оқытудағы жауапкершілік дербес те жобалау топтарының мүшесі ретіндегі дәріс алушының өзіне жүктеледі. Бастысы, маңыздысы жобалау мазмұнында не бар, оның презентациясы қандай формада және қалай өтетіндігін дәріс беруші емес дәріс алушының өзі анықтайды. Атап айтқанда осы жобамен жұмыс істей отырып, дәріс алушылар өз бетінше қажет ақпараттарды табуға, түрлі дерек көздерін қолдануға үйренеді. Оқытушы олардың тең дәрежелі әріптесі және кеңесшісі болады. Бірлескен жұмыс ұжымдастырады: дәріс алушылардың өзара түсінігін, өзара әрекетін жақсартады, тек өз қызметіне ғана емес, барлық топтың жұмысына жауапкершілікпен қарайтын болады. Әрбір дәріс алушы өзі бастаған жұмысты өз жұмысының нәтижесін көрсету үшін ақырына дейін жеткізуге тырысады.

Жоба технологиясы мәдениетаралық коммуникативтік біліктілікті дамытудың бірден бір жолы болып табылады. Жоба – жеке ұжымдық жұмыстың бір түрі, білім алушылардың танымдық біліктерінің және практикалық біліктерінің қалыптасуына, танымдық ізденімпаздығын арттыратын оқытудың тиімді түрі. Жобалар – көп уақытты қажет ететін, көлемді оқушылардың өзіндік жұмысы. Жобаның мазмұнындағы әр кезеңдік жұмысының құрылымы нақты жоспарлануына байланысты әр түрлі жұмыстарға оқушылардың қатысуынан өздерінің жұмыстарын орындауда олардың белсенділігі мен қызығушылығын, шығармашылығын байқауға болады.

Жобаның ең негізгі кезеңдеріне мыналар кіреді:

• Жобаның тақырыбын таңдау. Жобаның тақырыбы осы кезеңге уақытқа сай өзекті нақты болу қажет.

• Жоба мақсаты мен негізгі міндеттерін алдын-ала белгілеп қояды. Мақсатқа жету міндеттерін шешу талап етіледі.

• Студенттердің өз бетіндік жұмысы нәтижесінде жоба міндеттері біртіндеп орындалады. Студенттер бақылау күнделігі мен жұмыс дәптерін арнайды. Мұнда олардың жұмысы түгелінен көрінеді.

• Алынған нәтижелер негізінде есеп беруге, талдауға және қорытындылауға үйренулері қажет.

• Жобаны қорғау.

Коммуникативтік біліктіліктің негізгі компоненттері:

– Лингвистикалық (грамматика, лексика) біліктілік;

– Дискурсивтік (тілдің коммуникативті қолданылуы) біліктілік;

– Прагматикалық (коммуникативті мақсатқа жету) біліктілік;

– әлеуметтік-мәдени (өзін-өзі ұстау нормаларын игеру) біліктілік;

Жоба технологиясының ерекшеліктерінің бірі – жеке тұлғаға бағытталған мәселе мен оны шешуге бағытталған міндетті болуы. Егер теориялық мәселе берілсе, онда жоба технологиясының процесі оның шешімін табу, ал практикалық мәселе берілген жағдайда оқушының міндеті осы мәселенің нақты шешімін тауып, нәтижелерін тәжірибеге енгізу болып табылады. Мәселені шешу оқытудың зерттеу, ізденіс әдістері мен құралдарын қамтиды. Шетел тілдерін оқытудың қазіргі амалы ретінде жоба технологиясы шетел тілі коммуникативтік біліктіліктің барлық компоненттерінің жемісті дамуын, оның нәтижесі ретінде екінші тілдік тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Сонымен, қорыта келгенде жобалық технология дәріс алушылардың коммуникативті қабілеттерін дамытуда ыңғайлы жағдай жасауға, олардың шығармашылық потенциалын ашуға үлкен әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Афанасьев В.А. «Проектирование педтехнологии» // Высшее образование в России, 2001, №4, 149 б.
2. Зимняя И.А., Сахаров Т.Е. «Проектный метод обучения английскому языку» // Иностранные языки в школе, 1991, №3, 9-15 б.
3. Дупейная Т.В. «Проектная методика на уроках немецкого языка» // Иностр. языки в школе, 2003, №5, 41 б.
4. Полат Е.С. «Метод проектов на уроках иностранного языка» // Иностр. языки в школе, 2000, №2, 3-10 б.
5. Чанилова Н.Г. «Использование проектной методики на уроках немецкого языка» // Иностр. языки в школе, 2000, №4, 62 б.

Рахимбаева Р. М.,

*ст. преподаватель кафедры
дипломатического перевода
КазНУ им. аль-Фараби*

Курунчинова Г.

учитель английского языка

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ НА ЗАНЯТИЯХ СРСП

Целью обучения иностранным языкам в вузах является достижение уровня, достаточного для практического использования иностранного языка в будущей профессиональной деятельности. Одно из изменений современного высшего образования – увеличение доли самостоятельной работы студента. Понятие «самостоятельная работа» многогранно, поэтому вполне естественно, что оно не получило единого толкования в педагогической литературе. Так, понятие «самостоятельная работа» трактуется как самостоятельный поиск необходимой информации, приобретение знаний, использование этих знаний для решения учебных, научных и профессиональных задач (С. И. Архангельский); как деятельность, складывающаяся из многих элементов: творческого восприятия и осмысления учебного материала в ходе лекции, подготовки к занятиям, экзаменам, зачетам, выполнения курсовых и дипломных работ (А. Г. Молибог); как разнообразные виды индивидуальной, групповой познавательной деятельности студентов на занятиях или во внеаудиторное время без непосредственного руководства, но под наблюдением преподавателя (Р. А. Низамов). Организация самостоятельной работы в высшей школе рассматривается как система мер по воспитанию активности и самостоятельности как черт личности, по выработке умений и навыков рационально приобрести полезную информацию (Б. Г. Иоганзен). Самостоятельная работа понимается как система организации педагогических условий, обеспечивающих управление учебной деятельностью, протекающей в отсутствие преподавателя (В. Граф, И. И. Ильясов, В. Я. Ляудис). Иногда самостоятельная работа отождествляется с самообразованием (С. И. Зиновьев). Как видно из приведенных выше определений и толкований, самостоя-

Rakhimbayeva R.M. Communicative approach of foreign languages teaching as the development tool of «feeling of language»...	129
Джамалдинова М.Т. Шет тілін үйретудегі инновация технология түрлері: жоба технологиясы.	130
Рахимбаева Р.М., Курунчинова Г. Использование инновационных методов на занятиях СРСП	133
Рауандина Ш.З. О построении художественного образа в пьесе К. Мусина «Прелюдия»	139
Рауандина Ш.З. Основатель профессиональной кобызової школы - профессор, Народная артистка Казахской ССР Балгаева Ф.Ж.	141
Тойганбаева А.Е., Калиева А.А. Значимость ценностей образования.	144
Оразханова А.О. Студенттердің ағылшын және қазақ тілдеріндегі лингвомәдени құзыреттілігін сөйлеу мәдениеті негізінде дамытудың оңтайлы тәсілдері	146
Жапбаров Н.А., Буркитбаева Г.Н. Педагогическая технология в системе современного образования.	150
Жапбаров Н.А., Нұрғалиева С.Н. Аударма қызметінің модельдері	152
Касенова Л.Г. Лабораторный эксперимент как основа повышения эффективности обучения физике.	156
Темирбеков А.Н., Сердалиев Е.У. Технология доставки учебного контента в системе дистанционного обучения с применением генетического алгоритма.	159
Шадиев Қ. Х. Қазақстандағы бизнестің әлеуметтенуі: даму ерекшеліктері мен беталыстары.	161
Айтбаева М.А., Айтбаева Н.К., Далабайқызы Д. Формирование культуры умственного труда учащихся профессиональных колледжей.	168
Айтбаева М.А., Абжалиева Г. Кәсіптік колледж оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыруда оқытудың белсенді әдістерін пайдалану.	170
Каримова Г.А., Жапбаров Н.А., Буркитбаева Г.Н. Педагогическая технология в системе современного образования.	172
Смаилова Ж.Ж., Парменова Г.Е., Молдашева Қ.Ш. Технология сабағын өтуде білім берудің жаңа технологиясын пайдаланудың тиімді әдістерінің маңыздылығы.	174
Kizatov B., Madibayeva S. Advantages of teaching process in small groups.	176
Тусипжанова Д.Б. Білім үрдісінде Интернет ресурстарын қолдану.	178
Мұратұлы М. Совершенствование процесса обучения.	180
Сүлейменова Ф.С. Білім – ел экономикасын көтерудің өзекті факторы.	182
Масалимова Э.С. Оқытудың жаңа технологиялары мен инновациялық әдістерді тиімді пайдалану арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру.	185